

АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ИНВЕСТИТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Акция ұстаушысы	Жай акциялар, дана	Жай акциялар, үлесі %-бен	Артықшылыққа ие акциялар, дана	Акциялардың барлығы, дана	Акциялардың барлығы, үлесі %-бен
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	411 371 263	67,42	–	411 371 263	67,42
«Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі» ММ	122 023 898	20,00	–	122 023 898	20,00
«Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ	58 420 748	9,58	–	58 420 748	9,58
Миноритар акционерлер	18 303 584	3,00	–	18 303 584	3,00

Бағалы қағаздар шығарылымы¹, дана

Акция түрі	Жарияланған акциялар саны	Ұсынылған акциялар саны	Сатылып жатқан акциялар саны	Ұсынылмаған акциялар саны
Жай	849 559 596	610 119 493	18 303 584	239 440 103

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ акционерлік капиталының құрылымы келесідей, %:



- Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында келесі құжаттар бекітіледі деп күтілуде:
- ҚМГ-ның 2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жеке)
 - ҚМГ-ның 2024 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі
 - ҚМГ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері
 - 2024 жылға дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күні
 - 2024 жылға жай акциялар бойынша дивиденд төлеуді бастау күні.

АКЦИОНЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫ

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына және компанияның Жарғысына сәйкес ҚМГ тек жай акциялар шығарады. Жай акция иелерінің мынадай құқықтары бар:

- Компанияны басқаруға қатысу;
- дивиденд алу;
- компанияның қызметі туралы ақпаратты сұрату және алу, соның ішінде оның қаржылық есептілігімен танысу;
- Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидаттар акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыныс;
- басқару органдары қабылдаған шешімдермен сот арқылы келіспеу;


- сұрау салуды жіберу және күнтізбелік 30 күн ішінде оған жауап алу;
- компания таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алу;
- акцияларды немесе акцияларға айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды сатып алудың басым құқығын пайдалану;
- акциялардың санын немесе түрін өзгерту жөніндегі шешімдер қабылдауға қатысу.

Бұл құқықтар акционерлерге ашықтық пен олардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында және компанияның Жарғысында айқындалған.

АКЦИЯЛАР АЙНАЛЫМЫ

КАSE биржасындағы параметрлер	Ұсынылған күні	31.12.2024
ҚМГ акциясының бағасы, теңге	8 406	14 621
ҚМГ нарықтық капиталдандыру, теңге	5,1 трлн	8,9 трлн
ҚМГ нарықтық капиталдандыру, АҚШ доллары	11 млрд	17,0 млрд
ҚМГ акциялары бағасының өзгеруі	–	+73,9 %
Төленген дивиденд ескеріліп, ҚМГ акциялары бағасының өзгеруі	–	+85,6 %

ҚМГ акцияларының ұсынылған күннен 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі бағасы



¹ 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша.

ДИВИДЕНДТЕР

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ несие берушілердің, акционерлердің және компания мүдделерінің тепе-теңдігіне және дивиденд төлемінің мөлшерін анықтауда ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған дивиденд саясатын ұстанады. Дивиденд төлеу туралы шешімдер мұнай бағасы, борыш құрылымы, күрделі шығындар және басқа да елеулі факторлар ескеріліп, ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданады.

Дивиденд төлеу үшін негізгі талаптар:

- оң жеке капитал;
- есепті кезең үшін шоғырландырылған таза табыстың немесе есепті кезеңнің соңына бөлінбеген пайданың болуы;
- оң бос ақша ағымының болуы.

2024 жылы ҚМГ тұрақты қаржылық нәтижелер көрсетті, бұл компанияға дивиденд төлемдерін ұлғайтуды жоспарлауға мүмкіндік берді. IPO-дан кейін 2022 және 2023 жылдары Компания жыл сайын 300 млрд теңгеден рекордтық дивиденд төледі.

Осылайша, ҚМГ өз акционерлеріне тұрақты және өсіп келе жатқан дивиденд төлемдерін қамтамасыз ете отырып, өзінің инвестициялық тартымдылығын арттыруға ұмтылады.

2024 жылы 26 маусымда ҚМГ акционерлерге 2023 жыл үшін дивиденд төлеуді аяқтады. Дивидендтердің жалпы сомасы 300,0 млрд теңге болды. Бір жай акцияға берілген дивиденд мөлшері – 491,71 теңге.

Дивиденд тарихы¹

Көрсеткіш	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Бір акцияға шаққандағы дивиденд, теңге	60,64	133,97	81,95	327,80	491,71	491,71
Барлық төленген дивиденд, млн теңге	36 998	81 738	49 999	199 997	300 002	300 002

Толық ақпарат «[Қаржы есебі](#)» бөлімінде берілген.

ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ ҚАРЫЗДАР

Толық ақпарат «[Қаржылық қызметке шолу](#)» бөлімінде берілген.

ҚМГ-ның айналымдағы еурооблигациялары²

Айналымның басталу күні/ өтеу күні	Шығарылым көлемі, млн АҚШ доллары	Айналымдағы облигациялар, млн АҚШ доллары	Купон бойынша мөлшерлеме, жылдық %	ISIN: RegS/144A
19.04.2017/19.04.2027	1 000	250	4,75	XS1595713782/US48667QAN51
19.04.2017/19.04.2047	1 250	1 250	5,75	XS1595714087/US48667QAP00
24.04.2018/24.04.2030	1 250	1 250	5,375	XS1807300105/US48667QAQ82
24.04.2018/24.10.2048	1 500	1 500	6,375	XS1807299331/US48667QAS49
14.10.2020/14.04.2033	750	750	3,50	XS2242422397/US48126PAA03

2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Корпоративтік орталық деңгейінде жалпы сомасы 821 631,4 млн теңге номиналы бойынша ішкі облигациялардың үш шығарылымы айналымда болды.

ҚМГ-ның Қашағандағы үлесті сатып алуға «Самұрық-Қазына» АҚ-ға арналған облигациялары

Валюта	Өтініштің/ өтеудің басталу күні	Шығарылым көлемі, млн теңге	Айналымдағы облигациялар, млн теңге	Купон бойынша мөлшерлеме, жылдық %	ISIN
Қазақстан теңгесі	16.09.2022/16.10.2035	751 631,4	751 631,4	9,3	KZ2C00008969
Қазақстан теңгесі	24.04.2023/01.04.2033	50 000	50 000	0,5	KZ2C00009736
Қазақстан теңгесі	24.11.2023/01.10.2033	20 000	20 000	0,5	KZ2C00010429

ҚМГ-ның «Астрахань-Маңғышлақ» магистральды су құбырын реконструкциялау және кеңейту» жобасын қаржыландыру үшін «Самұрық-Қазына» АҚ-ға арналған облигациялары

Валюта	Өтініштің/ өтеудің басталу күні	Шығарылым көлемі, млн теңге	Айналымдағы облигациялар, млн теңге	Купон бойынша мөлшерлеме, жылдық %	ISIN
Қазақстан теңгесі	24.04.2023/01.04.2033	50 000	50 000	0,5	KZ2C00009736
Қазақстан теңгесі	24.11.2023/01.10.2033	20 000	20 000	0,5	KZ2C00010429

КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕР

Халықаралық рейтинг агенттіктерінің кредиттік рейтингтері – ҚМГ компаниялар тобының кредит төлеу қабілетіне берілген сенімді және тәуелсіз баға. Компания негізгі қаржылық көрсеткіштерді инвестициялық деңгейдегі және одан жоғары ұзақ мерзімді несиелік рейтингті қамтамасыз ету үшін жеткілікті деңгейде ұстауды көздейді. ҚМГ рейтинг агенттіктеріне ҚМГ компаниялар тобының кредит қабілеттілігін объективті бағалау үшін барлық қажетті ақпаратты ұсынады және олармен үнемі байланыста болады.

ҚМГ кредиттік рейтингтері Қазақстанның егеменді кредиттік рейтингтерімен тығыз байланысты. Егеменді кредиттік рейтингтің өзгеруі қазақстандық эмитенттердің, соның ішінде ҚМГ-ның кредиттік рейтингтеріне әсер етуі мүмкін.

2024 жылы халықаралық рейтинг агенттіктері компанияның кредиттік рейтингтерін растады:

- 2024 жылы 20 маусымда Fitch Ratings агенттігі ҚМГ-ның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «BBB» деңгейінде растады, болжам – «Тұрақты»;
- 2024 жылы 11 қыркүйекте Moody's агенттігі ҚМГ-ның кредиттік рейтингін «Baa2»-ден «Baa1»-ге көтеріп, болжамды «Тұрақты» деп өзгертті.

Осылайша, қазіргі уақытта ҚМГ-ның Қазақстан Республикасының егеменді рейтингіне сәйкес келетін Moody's және Fitch Ratings агенттіктерінің инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтингтері бар.

ҚМГ кредиттік рейтингтері

Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody's Investors Service	11.09.2024	Baa1	Тұрақты
S&P	26.12.2023	BB+	Тұрақты
Fitch Ratings	20.06.2024	BBB	Тұрақты


Қазақстанның кредиттік рейтингтері

Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody's Investors Service	09.09.2024	Baa1	Тұрақты
S&P	03.03.2023	BBB–	Тұрақты
Fitch Ratings	15.11.2024	BBB	Тұрақты

¹ Қандай кезеңге есептелгеніне қарамастан, есепті кезеңде акционерлерге төленген дивидендтердің нақты сомалары


² 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Корпоративтік орталық деңгейінде қамтамасыз етілмеген, басым берілгендер.

ҚМГ рейтингтерінің динамикасы



	Moody's	S&P	Fitch Ratings
2007	Baa1	BBB–	BBB
2008	Baa1	BBB–	BBB–
2009	Baa2	BB+	BBB–
2010	Baa3	BBB–	BBB–
2011	Baa3	BBB–	BBB–
2012	Baa3	BBB–	BBB
2013	Baa3	BBB–	BBB
2014	Baa3	BBB–	BBB
2015	Baa3	BB+	BBB
2016	Baa3	BB	BBB–
2017	Baa3	BB–	BBB–
2018	Baa3	BB	BBB–
2019	Baa3	BB	BBB–
2020	Baa3	BB	BBB–
2021	Baa2	BB	BBB–
2022	Baa2	BB+	BBB–
2023	Baa2	BB+	BBB
2024	Baa1	BB+	BBB

2025 жылға арналған инвестор күнтізбесі



ИНВЕСТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

ҚМГ тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз ету және оның құнын оңтайландыру үшін инвестициялық қауымдастықпен өзара іс-қимыл бағдарламасын белсенді іске асыруда. Бұл процеске компания басшылары, соның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма төрағасы, Басқарма мүшелері, сондай-ақ стратегиялық, қаржылық, операциялық, ESG және Инвесторлармен жұмыс басқарма сияқты негізгі бөлімшелері атсалысады.

- ҚМГ тоқсан сайын осы құжаттарды жариялайды:
- қызмет нәтижелері бойынша презентациялар;
 - қаржы және өндірістік көрсеткіштер туралы баспасөз хабарламалары;
 - ХҚЕС бойынша дайындалған қаржылық есептілік;
 - талдамалық анықтамалықтар.

ҚМГ жарты жыл сайын топ-менеджменттің қатысуымен инвесторлар үшін қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша конференц-қоңыраулар өткізеді. Бұдан басқа, инвесторлармен және рейтингтік агенттіктермен арнайы жеке конференц-қоңыраулар ұйымдастырды, сондай-ақ ESG және жаһандық нарық трендтері мәселелеріне арналған онлайн-конференцияларға қатысты.

ҚМГ 2024 жылы инвесторлардың сауалдарына дер кезінде жауап бере отырып, ақпаратты жария етудің ашықтығын арттыруды жалғастырды. Есепті жылы 2023 жылға арналған Тұрақты даму туралы ауқымды есеп жариялады. Sustainalytics агенттігінің деректері бойынша ҚМГ-ның ESG-тәуекел-рейтингі 32,8 балл болды. Компания 294 мұнай-газ компаниялары арасындағы рейтингте 44 орында тұр.

Компания инвесторлармен екіжақты диалогты жақсартуды жалғастырады. Нарық қатысушыларының арасында ҚМГ-ны қабылдауына жүргізілетін талдауды Директорлар кеңесі тұрақты негізде қарайды.

Барлық материал, соның ішінде байланыс ақпараты компанияның сайтында [«Инвесторларға»](#) бөлімінде жарияланған.

44 орын

294 мұнай-газ компанияларының рейтингтері арасындағы орны

2024 жылы инвесторлармен өзара іс-қимылдың басты оқиғалары

1-тоқсан	• 2023 жылғы қаржы және операциялық нәтижелердің қорытындысы бойынша конференц-қоңырау • 2023 жылғы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация • 2023 жылғы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • ХҚЕС-ке сәйкес 2023 жылғы шоғырландырылған қаржылық есеп.
2-тоқсан	• 2024 жылғы 1-тоқсан бойынша тоқсандық нәтижелерге арналған презентация • 2024 жылдың 1-тоқсанындағы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • 2024 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген) • 2023 жылға арналған Жылдық есепті жариялау • 2023 жылы мемлекет пайдасына ҚМГ жасаған төлемдер бойынша есеп
3-тоқсан	• 2024 жылдың 1-жартыжылдығындағы қаржы және операциялық нәтижелер қорытындысы бойынша KASE-де Эмитент күні • 2024 жылдың 1-жартыжылдығындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация • 2024 жылғы 1-жартыжылдықтағы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген) • ҚМГ-ның 2024 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша есебі • 2023 жылғы Тұрақты даму туралы есепті жариялау
4-тоқсан	• 2024 жылдың 3-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация • 2024 жылдың 3-тоқсанындағы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • 2024 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген)